

**Ырғыз ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 87 "Ырғыз ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту және аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 10 маусымдағы № 97 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 маусымда № 6242 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3 бабының 7 тармағына, 6 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Ырғыз ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ырғыз ауданы әкімінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 87 "Ырғыз ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту және аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-5-187 тіркелген, 2018 жылғы 24 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ырғыз ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;
- 3) осы қаулыны Ырғыз ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ырғыз ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

КЕЛІСІЛДІ:

"Ақтөбе облысының

М. Елеусізов

жолаушылар көлігі және  
автомобиль жолдары басқармасы"  
ММ басшысының м.а

\_\_\_\_\_ Н. Аспенов

Біргыз ауданы әкімдігінің 2019 жылғы "10"  
маусым № 97 қаулысына қосымша  
Біргыз ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 11  
маусым № 87 қаулысына қосымша

## **Біргыз ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері**

№ р/с	Автожолдың индексі	Автожолдың атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	KD-IR-1	Құмтоғай ауылына кіре беріс	25,3
2	KD-IR-2	Құрылыс ауылына кіре беріс	6,9
3	KD-IR-3	Құतिकөл-Жарма-Құйлыс-Жайсаңбай	160,0
Барлығы			192,2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК